



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

БҰҰ-мен

БҰҰ-ның Найробидегі (Кения) бөлімшесінің штаб-пәтеріндегі Қазақстанның Кениядың елшісі Барлыбай Садықов БҰҰ Бас хатшысының орынбасары, БҰҰ-ның Найробидегі (UNON) бөлімшесінің бас директоры сенниң атына жолданған 2024 жылғы маусымда Астана халықаралық форумына қатысуға шақыру хатын тапсырды. Қазақстанның Шыұнай терағасы ретінде БҰҰ-ның Найробидегі Климат жөніндегі Бас ассамблеясы-



Зайнаб Хава Бангурамен кездесті.

Жиын кезінде еліміздің дипломаты БҰҰ-ның Найробидегі бөлімшесі жаңындағы Қазақстанның Тұрақты әкіл қызыметіне тағайындалғаны туралы әкілдегі сертификат табыс етті. Әңгімелесу барысында елші 2030 жылға дейінгі Тұрақты даму мак-саттарына қол жеткізу бойынша БҰҰ қын тәртібін іске асыру жөніндегі Қазақстан қабылдан жатқан шаралар туралы хабардар етті. Қазақстанның Алматы қала-сындағы БҰҰ қеңесесін Орталық Азия мен Ауғанстан елдері үшін тұрақты даму жөніндегі БҰҰ өңірлік орталығы ретінде қайта ұйымдастыру бастасы бойынша пікір алмasti.

Таралттар Қазақстанда 2026 жылы БҰҰ қамқорлығымен экология бойынша Өңірлік саммит өткізу жөніндегі Қазақстан ұснынысын талқылады. БҰҰ Бас хатшысының орынбасары З.Бангурға Қазақстанның халықаралық бейбітшілікі, қауіпсіздік пен орнықты да муды нығайтуға қосқан зор үлесін атап өтті. Ол ТДМ іске асyру бойынша бірле-сіп жұмыс істеуге, жобаларды іске асyруға жәрдемде-суге дайын екенін білдірді.

Б.Садықов БҰҰ Қоршаған ортаны қорғау бағдарламасы (UNEP) басшысының міндеттін атқарушы Джан Льюмен және БҰҰ басқарушы ұйымдарының бөлім бастығы Ульф Бъорнхолммен кездесті. Тұрақты өкіл Қазақстан Президентінің UNEP бас директоры И.Андер-

«Созақ ұні»-ақпарат.



Президент Еуропа Одағының Қазақстандағы елшісін қабылдады

Мемлекет басшысы
Қасым-Жомарт Тоқаев Еу-
ропа Одағының Қазақстан-
дағы елшісі Кестутис Янкау-
саксты кабылдады.

қастық қабылдады.
«Кездесуде Қазақстан мен Еуропа Одағы арасындағы қарым-қатынастардың басым бағыттары қарастырылды. Мемлекет басшысы Қазақстанның Еуропа Одағымен стратегиялық серіктес-

тігін одан әрі нығайтуған бейілділігін, сондай-ақ елі міздің бастамасымен қолға алышынан С5+ЕО форматты аясындағы көпжақты ынтымақтастықты одан әрі ілгерілетуге ниетті екенін растады. Президент саяси реформалардың табысты жүзеге асырылып жатқаны туралы айтып, демократияны нығайту ісінде Қазақстанды қол

дағаны үшін Еуропа Одағына ризашылығын білдірді», делінген акпаратта.

Елшімен кездесуде аса маңызды шикізат материалдары, «жасып» экономикалық есім, көлік, логистика және ауыл шаруашылығы салаларындағы ықпалдастықты дамыту жайы талқыланды.

Инвестор тартудың тетіктері

Премьер-министр Элихан Смайлов орталық мемлекеттік органдар басшылары және дипломатиялық корпус пен жеке бизнес екілдерінің қатысуымен Инвестициялық ахуалды жақсарту жөніндегі кеңестің кезекті отырысын еткізді.

Еткізді.

Кеңесте негізінен салық саясаты саласында жүргізіліп жатқан реформалар, инвестициялық ынтымақтастық, зияткерлік меншік құқықтарын қорғау, ауыл шаруашылығы тауарын өндіру-шілерді субсидиялау, т.б. мәселелерге назар аударылды.

Ә.Смайлов инвестициялар тарту экономикалық есудің негізгі факторларының және Үкімет жұмысының бағыттылығынан бірі болып қала беретінін атап өтті. Атап айтқанда, елімізде жеке шарттарда келісімдер жасауға мүмкіндік беретін инвестициялық шарттардың жаңа тетіктері енгізілді. Бұған қоса Инвестициялық міндеттемелер туралы келісімді жасасқанда салық заңнамасының тұрақтылығына 10 жылға кепілдік беріледі және күрделі жобалар үшін Жетілдірілгे модельдік келісімшартты жасасқанда фискалдық ынталандырулар енгізіледі.

«Резидент емес тұлғалардан алынған ма-
териалдық емес қызыметтер үшін шегерім со-
масын шектеуге қатысты инвесторлар жи-
кетеретін мәселе шешілді. Енді бұл шектеу-
тек оффшорлық юрисдикциялардағы компа-
ниялармен жүргізілген операцияларға қатыс-
ты болады», деді Премьер-министр.

Үкімет басшысы инвестилялқ тартымдылықты арттырудың маңызды аспектілерінің бірі болжамды және ашық салық саясаты екенін атап өтті. Осыған байланысты Қазақстанда фискалдық реттеудің жетілдіру үшін жаңа Салық кодексін әзірленеді. Қазіргі уақытта бұл бизнес-қоғамдастық және халықаралық үйімдада



өкілдерімен әртүрлі алаңда қызу талқыла-
нып жатыр. Жыл басынан бері 250-ден аса
жұмыс кеңдесуі өткізіліп, мыңнан аса ұсыныс
түскен. Барлық мәселе апта сайын тұрақты
жұмыс тобының қарауына ұсынылады.

жұмыс тасының қарастыға «сыртқалыбы».

«Қолданыстағы ынталандыруларды сақтай отырып, жаңа Салық кодексі шеңберінде салық төлеушиге бағытталған сервистік әкімшілендіру моделі енгізіледі. Салық есептілігі – 30 пайызға, ал салық төлемдерінің саны 20 пайызға қысқарады», деді

Бұл бөлшек салық режімін қолдану бойынша қызмет түрлері екі есеге кеңейтіліп, 1 млн-нан аса салық төлеушиңі қамтитынын айтты. Бұған қоса өндөу өнеркәсібіндегі жаңа жобалар 3 жылға салықтан босатылады. Сондай-ақ қабылданған шаралар нәтижесінде Қазақстан IMD әлемдік бәсекеге қабілеттілік рейтингінде бір жыл ішінде 6 сатыға көтеріліп, 37-орынға табан тірегені атап етілді. Талқылау қорытындысы бойынша Үкімет басшысы құзырылы мемлекеттік органдарға айтылған барлық ұсынысты пысықтауды тапсырды.



СОЗАҚ ХАЛЫҚ ТЕАТРЫ ҰЖЫМЫ ЖУЛДЕЛІ БІРІНШІ ОРЫНДЫ ИЕЛЕНДІ

Келес ауданында Түркістан облысының құрылғанына 5 жыл, Келес ауданының қайта құрылғанына 5 жыл, сондай-ақ «Келес» халық театрына 45 жыл толуына орай халықтық театрлар арасынан етken облыстық фестиваль қорытындылашып, өз мәресіне жетті.

Облыс аумағынан 11 ха-

лықтық театры қатысқан фестивальге режиссер Рустем Ерназаров бастаған Соzaқ Халық театры ұжымы қатысып, жулделі I орынды иеленді. Басты рөлді сомдаған Мархаббат Бейсенова «Үздік актриса» номинациясымен марапатталды.

Байқауға Темірбек Жүргенов атындағы өнер академи-

ясының ұстазы, Мұхтар Әуезов атындағы академиялық драма театрының актері, «Құрмет» орденінің иегері, Үсіпхан Сейтімбет, Түркістан музыкалық драма театрының директоры, Қазақстанның еңбек сінірген қайраткері Әлімхан Мырзахан, Жұмат Шанин атындағы Шымкент қалалық академиялық қазақ драма театрының директор орынбасары, Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан универ-

ситетінің ғылым магистрі, оқытушы Алмас Шымалиев, Түркістан облыстық мәдениет және халық шығармашылығы орталығының бөлім жетекшісі Асылхан Темірхан, Құрманбек Жандарбеков атындағы Жетісай драма театрының режиссері Рабия Бейсебаева төрелік етті.



ДӘСТҮРЛІ ҚҰНДЫЛЫҚТАР КЕРУЕНІ АУДАНЫМЫЗДА

зайырлылық ұстанмы бойынша халықты ақпараттандыру.

Ауданға арнайы келген дінттанушы Мәди Беспаев, актер, мәдениет саласының өкілі Фалымжан Қалыбаев діни сауаттылық және тұрақтылық жайлы баяндамалар жасап, жыныға қатысушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берді. Еркін форматта, әңгіме-сұқбат түрінде етken тағылымы мол жиынды блогер, қоғам белсендісі Бағдаулет Жаманұлов жүргізіп отырды.

Алғаш болып сөз алған дінттанушы Мәди

Беспаев "Бала тәрбиесі мен ғаламтор" тақырыбында сөз қозғап, дін мен тәрбиенің арақатынасы, керегар сенім-нанымдардан сақтану жолдары, ғаламторды қолдану тәртібі мен әдебі жөнінде молынан ақпараттар берді.

Актер, мәдениет саласының өкілі Фалымжан Қалыбаев өз кезегінде дәстүр сабактастырының, ұлтымыздың әдет ғұрыптарының, төлтума мәдениетіміздің отбасы институтындағы және қоғамның дамуындағы маңыздылығына көнінен тоқталды.

ЧЕМПИОНАТТАН ЖУЛДЕМЕН ОРАЛДЫ



Гір спортынан 7-10 желтоқсан аралығында Щусинск (Бурабай) қаласында Қазақстан Республикасының көзекті чемпионаты өтті. Таңдаулы балуандар қатысқан чемпионатта созақтық гір тасын көтеру шеберлері 2 алтын, 5 күміс, 1 қоланы иелеп, ауданымызың мен-

рейін үстем етті.

Ұзын циклі көтеруден 78 келі салмақта бар күштіктерін көрсеткен Орынбасар Қобыланды I орын алғып, өз салмағында Қазақстан Республикасының чемпионы атанды. Сондай-ақ серпе көтеруден 68 келі салмақта Баби Орынбасар

II орын, 63 келі салмақта Мақсатұлы Бақыт II орынды иеленді.

Серпе көтеруден 78 келі салмақта сынға түсken Қабылбек Ержан I орын алғып, қарсыластарынан аса басымдықпен озды. Дәл осы салмақта Тауылпалды Айдын III орын, жұлқа көтеруден 63 келі салмақта Ерғешбай Еркебұлан II орын, 68 келі салмақта Бекен Диңислам II орын, 73 келі салмақта Серікбаев Мурат жулделі II орынға табан тірепі.

Жеңімпаз саңлақтарды спорт өнеріне баулып келе жатқан Қазақстанға еңбек сінірген жаттықтыруышы, Халықаралық дәрежедегі спортшы, ізденімпаз жаттықтыруышы Мұрат Серікбаев пен Бақтан Тұрсынбаевтың еңбектерін айта кеткеніміз жән.

«Созақ үні»-ақпарат.

Партиялық бақылау комиссиясының кезекті отырысы өтті

2023 жылдың 6 желтоқсан күні «AMANAT» партиясы Созақ аудандық филиалы жаңындағы партиялық бақылау комиссиясының кезекті отырысы өтті. Жиынға Партиялық бақылау комиссиясының мүшелері мен Аудандық меслихат депутаты фракция жетекшісі, Созақ аудандық «AMANAT» партиясының төрағасы Е.Сағындық және Созақ ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің басшысы Қ.Ақбаев, Шолаққорған су ме-



кемесінің басшысы Ш.Түлеевтер қатысып отырды. Жиынды Партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Б.Тұрғанбаев жүргізіп отырды. Күн тәртібінде Созақ ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің басшысы Қ.Ақбаевтың 2023 жылдың 11 айында атқарған іс-шаралар туралы қорытынды есебі, Шолаққорған су мекемесінің басшысы Ш.Түлеевтің 2023 жылдың 11 айында атқарылған есебі тыңдалды. Төтенше жағдайлар бөлімінің басшысына өрт сөндіру техникалырының ескіруі, гимаратының тозып, ескіруіне байланысты жаңа техникалар мен жаңа гимарат салдыру жөнінде ұсыныс айтылды. Шолаққорған су мекемесіне Таукент, Қызметшек кенттері мен ауылдық жерлердегі ауыз судың уақытылы беріліп тұруын қамтамасыз ету, Шолаққорған ауылына Кекбұлақ сұынан құбыр тарту, Таукент және Қызметшек кенттерінің жылу жүйесін қайта қарап, сапалы жұмыс істеуге жағдай жасау жөнінде ұсыныс айтылды. Жиналыш соңында айтылған сын ескертпелер мекемелер тарапынан қолдау тауып, алдағы уақытта жұмыс барысында басшылыққа алынатындығы айтылды.

Зорлық зомбылыққа жол жоқ

"Зорлық-зомбылыққа жол жоқ" республикалық акция

аясында Қ. Рустемов атындағы жалпы білім беретін мектебінде іс-шаралар жоспары бойынша түрлі танымдық шаралар орын алды. Аталған акция шенберінде мектептің ата-аналарды педагогикалық қолдау орта-

лары қатысты.

Балалардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету, зорлық-зомбылықтың өмір сұру ортасын қалыптастыру, отбасы бірлігін нығайту мақсатында еткен шарамыз өз межесін бағындырды деп айта аламыз.

Әрине, басты мақсат-



лығымен бірлесе отырып "Зорлық-зомбылықтың бағалық шақ" тақырыбында "Әкем, анам және мен" спорттық сайысы болып өтті. Бастауыш сынып мұғалімдері Омарова Гүлжанат пен Мырзабекова Гүлжан апайлардың ұлтымдастыруымен еткен жарысқа Амановтар, Құзембаевтар, Сқақовтар және Аметовтар отбасы-

ласалатын қандай да бір зорлық-зомбылықтың заңға да, адами тұрғыға да сыйымсыз екендігі.

Ата-ана, қоғам, ұстаздар осы мақсатта бірігіп келепі жұмыстар атқару парызымыз.

Бала біздің болашағымыз.

Сержан БЕГМАНҰЛЫ.

Әбубәкір ағаммен өткен ғасырдың 1994 жылдан бері таныспын. Редакцияға жаңадан келіп, сол кездегі «Молшылық үшін» газетінің ауылшаруашылық бөлімінің менгерушісі болып қызметке кірікен едім. Ауылшаруашылығы саласының басшылары мен жалпы еңбек адамдарымен қоян-қолтық арапасып жұмыс істедім. Әсірепе ауылшаруашылығымен айналысадын ұжымдық шаруашылық тәрағаларымен етene болдым. Сол кезде Әбубәкір Сахиұлы «Береке» ұжымдық шаруашылығының тәрағасы екен. Шаруашылық журналистік іс сапармен барып, ол кісімен танысып, шаруашылығын арапап, жасап жатқан жұмыстарын көріп, қарамағындағы еңбек адамдарымен сұхбаттастым. Міне сол алғашқы жүздесіп, білісден кейін Әбубәкір ағаммен ағалы-інілі болып, сыйласып, арапасып келеміз. Ол кезде тәуелсіздік алғанымызға шамалығана уақыт болған. Бұрынғы жүйе өзгеріп, шаруашылықтар қайта құрыла бастаған тұс. Аталған шаруашылық сондай қындықтарды бастаған еткеріп, шаруасын тіктей бастаған еді. Сол шаруашылықтар Әбекен шашау шығармай басқарды. Берекенің берекесін кіргізген ағаммен сол алғашқы жүздесуде-ақ сыр тартып, әмірдерегімен де танысып, қанықкан едім.

Ол орта мектепті 1970 жылы бітіріп, Қапланбектегі зоотехникалық мал дәрігерлік техникумдағы қоғамдық-мәдени жұмыстарға белсендіне қатысқан. Сабакты жақсы оқумен бірге түрлі шараларды ұйымдастырудың белсенді студенттер қатарында болған екен. Ұйымдастырушылық қабілетінің мықты екенін осында жүргіп-ақ таныта бастаған. Оның алдында ендігі жерде жоғары оқу орнына түсү мақсаты тұрды. Сөйтіп ол білімін әрмен қарай терендуеті үшін Семей зоинженерлік-малдәрігерлік институттына оқуға түседі. Аталған институтты малдәрігер мамандығы бойынша бітіріп шығады. Шаруашылықтар әңбек жолын Созақ қеншарының №2 фермасында малдәрігер болып бастайды. Жоғары оқу орнында алған білімін практика жүзінде көрсетіп, шаруашылықтың малшы-шопандарымен қоян-қолтық жұмыс атқарады. Жас та болса, өзінің білімін, іскерлігін, адамдардың тілін таба білдегін қасиетін ә дегеннен-ақ ұжымдастарының үдесін шықты. Созақтың Қектебесінде қызмет істеп жүрген кезімде Әбекен жайлы созақтықтардың жылы пікірлерін талай естідім. Адал, әз ісіне шынайы берілген азамат деп мінездейтін. Осы фермада алты жыл бойы маман болып қызмет атқарған. Тауда да, құмда да екінші тұрғыдан көрсетілді. Сондай-ақ ауыл шаруашылығы мақсатындағы 400 мың гектар тәлімі жерлерді пайдала-



Әмірі Әнегемен Әрілген

молынан білдіреді. Ауыл азаматтары партия комитетінің хатшысынан көптеген жақсылықтар көргенін әлі күнге дейін ауыздарынан тастамай айтып отырады.

Аудандымыздың қақпасы болып саналатын Жартытебе ауылы Әбекен қызмет еткен жылдары үнемі жақсы жағынан көрініп, көшбасшы шаруашылықта айналғанын мақтанышпен айтуға болады. Бұдан кейін Ә.Сахиұлы совхоз директорының орынбасары қызметіне ауысты. Шаруашылықтың әлеуметтік-экономикалық дамуна аяна бай төрті. Еңбек адамдарын берекелі, ынтымақты жұмысқа жұмылдырыды. Әрине шаруашылық болғанын кейін ол да әр алуан мінездегі адамдар көздеседі. Барлығының тілін тауып, жан дүниесін түсініп, еңбек ету оңай шаруа емес. Бұл тұрғыдан көрсетілді. Әбекен барлық жаңының көніл кілтін тауып, сырласып, ортақ мәмілелеге келіп, жұмыс жасауга әбден дағыланған басшы ретінде көріне білді. Нәтижесінде ол басшылық еткен шаруашылық үнемі

атқарды.

Екі мың оныншы жыл мен екі мың он бірінші жылдар арапалығында аудандық ауыл шаруашылығы және қасиқ-керлік бөлімінің басшысы қызметіне көліп, ауылшаруашылығының дамып, өркендеуіне мол үлес қосты. Содан соң аудандық жұмыспен қамту орталығы мемлекеттік мекемесі директоры қызметіне ұсынылды. Бұл салада да Әбекен ұйымдастырушылық қабілетімен, талапшылдығымен көрініп, мекеменің жұмысын өз дәрежесінде жандандырыды.

2012-2018 жылдар арапалығында аудандық жаңының ауыл шаруашылық және жер қатынастары бөлімінің басшысы болып қызмет атқарды. Ауыл шаруашылық саласында сол кезеңдерде ауыз толтырып айтарлықтай жұмыстар жасалды. Аудандық ауыл шаруашылығы әнімдері Астанаға дейін апарылып, ресублика жұртшылығына төріскеңдің ет, сүт, жеміс-жидектері көрсетілді. Сондай-ақ ауыл шаруашылығы мақсатындағы 400 мың гектар тәлімі жерлерді пайдала-



жақсы жағынан көрініп, еңбек көріп қызып жататын.

Бертін келе «Береке» ұжымдық шаруашылығының тәрағасы болды. Совхоздар тарап, шаруашылықтардың жұмыстары қожырап жатқан кезең еді. Сол тұста жоқтан бар жасап, атаплан ұжымының берекелі тірлігін жаңдандырады. Қын кезең жайлы ұжымдастардың әлі күнге дейін жыр ғып айтады. Еңбекшілердің сағын сындырмай, қолда барды ұқсатып жұмыс жасағандығын сол кезде ұжымдық шаруашылықта еңбек еткендер ұмытпай сырып шертеді.

Аудандық малдәрігерлік қызмет мемлекеттік мекемесіне директорлық ауысып келді. Бұл шаруаның да ілгері жүруіне, мал дәрігерлік жұмыстың жаңдануына барынша сүбелі үлес қосты. Сала еңбеккерлерін барынша ортақ іске жұмылдыра білді. Қөптеген тың идеялардың бастамашысы болды. Талай жас мамандарды қанатының астына алып тәрбиеледі. Облыстағы малдәрігерлік қызметтің көш басынан көрінді. Аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің бас маманы қызметін де абыроғымен атқарып, ұжымдастарын үлгі-әнеге болды. «Нұр Отан» партиясының аудандық филиалы тәрағасының орынбасары қызметін де талапқа сай

ну үшін жұмыстар жүргізілді. Ауыл шаруашылығы саласында Әбекен өзіндік із қалдырыды.

Қөптеген қызмет сатыларынан өткен Ә.Сахиұлы 2019 жылдың қантар айында аудандық аумақтық сайлау комиссиясының тәрағасы болып сайланды. Сол жылдан бері бірнеше сайлауларды өткізу, бұл қызметті де абыроғын атқарып келеді.

Елге сіңірген еңбектері үшін «Ерен еңбегі үшін» медалін, Созақ ауданының Құрметті азаматы атағын, Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрлігінің «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» тәсбелгісімен, «Облысқа сіңірген еңбегі үшін» медалімен, «Астанаға 10 жыл» мерекелік медалімен, «Қазақстан Конституациясына 20 жыл» мерекелік медалімен, «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл» мерекелік медалімен, «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл» мерекелік медалімен, Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хатымен, Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясының алғыс хатымен, Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің Құрмет грамотасымен, Түркістан облысы мәслихатының Құрмет грамотасымен, аудан әкімінің алғыс хаттарымен марапатталған.

Әрине бұл марапаттың барлығы ойыншылықпен келген жоқ. Қызмет ба-рысында еткен еңбек, маңайдан монашқатап төтілген тердің арқасында келгені аян.

Әбубәкір ағамыздың бойындағы ұйымдастырушылық қасиеті, сылайы міnez, терең білім, көшпілікпен тез тілтабыса алатын алғырылық қабілет биік белестерге көтерілуге ықпал етті де-сек артық айтқандық болмас еді. Көп жылдар бойы етene арапаса жүріп ағамыздың біреуге дауыс көтеріп, болмаса жекіп, оғаш міnez көрсеткенін кездестірген емеспін. Сондықтан болар төнірегіне жақсы адамдар жиылып, ол кісіні өздеріне үлгі тұтқандығы. Қай қызметте болмасын ол қарапайым қалпында, табанды-

лықпен, тазалықпен еңбек етті. Әбекенің көшпілдігі, адамдармен қарым-қатынаста ілтиппаттылығы бірінші кезекте айтылады.

Отбасындағы бала тәрбиесіне ол кісі ерекше көніл бөліп, перзенттерінің білімді әрі тәрбиелі болып есүіне барынша ден қойды. Жан-ұясында 2 ұл, 2 қыз өсіп қанаттанды. Ерболы аудан әкімдігінің ЖКХ бөлімінде басшы болса, Есболы уран өндірісінде инженер, Ферузасы Алматыдағы А.Жұбанов атындағы университеттіде кафедра менгерушісі қызметінде. Фариадасы доктор Р.Н.-Шымкент қаласындағы М.Әуезов атындағы университеттегі доцент. Ұл-қызыдарынан 11 немере сүйіп отыр. Бала-ларым байлығым деп санайтын Әбубәкір аға солардың қызығына бөленип, бақытты ғұмыр кешіп келеді. Әрине отбасындағы татулықты, жан-ұялық жарасымды үйлестіріп отырған Айхан женғеміздің де шаңырақтағы шаттыққа бірінші кезекте қосқан үлесі қомақты екені рас.

Қызметтегі ер азаматтың бабын тауып, келген қонақтарға дастарханын көн жайып, меймандастық танытып, үнемі жайдары жүретін асыл жарының да Әбекенің беделі мен мөртейнің жоғары болуына тигізген ықпалы зор деп есептейміз.

Ә.Сахиұлы аудандагы кейінгі толқын інілеріне тәлімгер ретінде де ерекше еңбегі сіңген азамат. Қызметте жүрген жастар оған қарап бой түзейді, іс-тәжірибесін үйренеді. Үнемі ақыл-кенесін алып, ақылдасып, оның қызметтік жолынан гибрат алады.

Байыпты, салмақты өнегелі істері мол аға алдына келген өскелен жастарға бойындағы ізігі қасиеттерін үйретуден жалықан емес.

Әбубәкір ағаммен танысқан жылда-ры ол қырықтың үстіндегі жігіт ағасы болатын. Содан бері де біраз жылдардың белесін артқа тастаппзы. Мен де ол кезде отызға толмаған жігіт болатынын. Біздер сол уақытта алдыңғы буын ағаларымызға қарап бой түзейтінбіз. Солардан үйреніп өмірдің даңғыл жолына бағыт-бағдар алатынбыз. Көбінесе ағалардың қасында жүргенді қалайтынбыз. Сейлекег сөздерінен, адамдармен қарым-қатынасынан гибратты бойымызға сіңіретінбіз. Қызмет бабында Әбубәкір ағаммен талай мәрте сапарлас болдым. Ол кісі үзенгілес адамын жалықтырмайды. Өмірдегі көргенін, қызмет барысында бастаң кешкен оқигаларын етеге көркем етіп әңгімелуеуге шебер. Бұл қасиетті арқылы ол төңірегінде көрсеткенде езіне тез баурап алады. Әмірін өнегемен өрген Әбубәкір аға бұл күндері жетпістің желкенін желбіретіп, достарының, ағайын-туыстарының, бала-шагасының ортасында мереј жасқа келіп отыр.

Тамырын теренге жіберген бәйтепрекей еңсөлі азамат өзінің өнегелі, тағылымы мол дара жолында ізгілік нұрын кейінгілерге төтіп келеді.

Мерејлі жасқа келіп отырған Әбубәкір ағамыздың жетпісімен құттықтап, отбасына амандық, деніне саулық, жан-ұясына береке мен бірлік тілейміз. Сәрсенбек САЙЛАУБЕКҰЛЫ.

КЕҢЖЕБЕК ҚАРИЯНЫҢ, ЭҢГІМЕСІ

Бала күнімізде ауылда ұзын сақалды, орташа бойлы, ақжұба өнді қария болатын. Түсі сүйк, айтқан сөзі мірдің оғын-дай тиетін. Жиын-той, басқосуларда тәрдің бестесінде отыратын. Ауыл жұрты оны Кенжебек қарақшы дейтін. Атынан ат үркетін. Эңгіме айтса, майын тамызып жеткізетін. Экеміз ол кезде қой бағады. Қүзде күйек науқаны басталады. Кенже-кең, біздікіне қошқаршы болып келеді. Өзі қара жұмысқа өте мықты. Шымыр кісі еді. Таңтерен өрте тұрады. Қошқарла-рын жайлайды. Алдарына жем-сүсын қоя-ды. Кемпірі Тұrap да өте таза кісі. Қашан барсақ үйі мхитаздай жинаулы тұрады. Үйдис-аяы да таза. Тамақтарды дәмді дайындаиды.

Күздің күні тым қысқа. Күн ұсына ерте қонады. Киіз үйде кешкілікте еki білтешам қойылады. Әлгі шамдар үйді жалжарық етеді. Қенжекендер үйінде кемпір екеуі-ақ болғаннан кейін кешкі тамақты біздің үйден іше салады. Кешкі астан кейін Қенжекең мен әкем екеуі әңгімеге кіріседі. Құзі қаникуль болатын. Бала болсақ та күндіз мал бағып, әкемізге қомек береміз. Кешкісін әкем мен қарияны тыңдаймын.

Былайша ешнәрсе білінбегенімен Кенжебек қария біраң тағдыр тауқыметін тартқан екен. Қанқұйлы соғыс бастан-ғанда бұлардың жасы әскер жасынан етіп кетіп, жұмысының баталонға алынған. Аңызысадың Сергосынан тауар таси-тын вагонға отыргызып, аттандырған. Ұш тәулік жүріп, Ресейдің ең Қыырдағы қаласына барады. Қасында Томан, Ордабай, Сазанбай болады. Күзге салым уақыт екен. Құн суық. Вокзалдан түскен-нен кейін бұлардың сапқа тұрғызып, әлгі жұмысышылар баталонына алып келеді. Аумағы атшаптырым жерге орналасқан, казарма тікенек сыммен қоршалған. Сыртынан биік мұнара орнатылып, күзетшілер қойылған. Мұндағылардың істейтін шаруасы қара жұмыс. Жататын жерлері өте тар, қараңы болған. Қундіз кеш батқанша қара жұмыс істеп, кешке сүріне-қабына төсектеріне құлайды. Тәртіп қатал. Таңертек күн шықпай тұрғызады. Ауылдан Созактың даласынан барған бұларға қатал тәртіп ұнай қоймайды. Кең даладан барған кісілерге қалай ұнасын. Еркіндікке үйренген адамға бұл жер тарлық жасайды.

Бір күні Кенжебек қасындағы серіктіріне: -Жігіттер мына жерде жүріп өліп қалармыз, қашайық,-деді. Бұл ұсынысты қасындауылар алғашқыда қоштай қойған жоқ. Томан: -Жігіттер қашканменен олар бізді ұстап алса, жазаға тартады. Элі де бола тұрайық,-деді. Бұлар бірнеше күн қашудың жоспарын құрды. Темір дуалдан шығу ойай емес. Мұнараның басында күзетшілер. Олар ете қырағы. Өте сак. Эрі катал.

Оле сақ, Орғататал.
Кенжекбі бірнеше күн бойы түн жары-
мында цемент дуалды тесіп, дайындалап
қойған. Тәртіп ете қатал. Сағат сайын
түгелдейді. Жұмыс болса ауыр. Қара-
жұмыс бұларды әбден титықтастып, қа-
жытқан. Ауру да кебейді. Жататын орын-
дары сыз. Әсіреле өкпе ауруына шал-
дыққандар көп. Арасында өліп жатқан-
дар да бар. -Қашпасақ болмайды,-деді
Ордабай.

Содан бір күні бұлар қашуға әбден тас-
туйін бекінді. Таңғы төртте манағы ой-
ылған жерден шығамыз деп уағдаласты.
Төңірек тастай қараңы. Алдын ала дай-
ындаған құystын Сазанбай, Ордабай,
Кенжебек, Томан бірге шықты. Бұлар ка-
зарма төңірегінен сәл ұзай бергенде
күзетшілер байқап қалды. Автоматтан
бұларға қарай оқ жаудырды. Оқ қашқан-
дарды жанай әтіп жатты. 5-6 шақырым
жерге бағанда үшеуінің басы қосылды.
Сазанбай жоқ. Әлгіндеғі атылған оққа
ұшты ма, білмейді. Таң атқан кездес-
байқаса, айнала теп-тіріс дала екен. Енді
қайда бағыт алу керек? Пайымда бол-
майды. Шығысты betke алып ұзақ жүрді.
Арапарында Томан ете зерек еди. Бес-
айдан кейін: Жігіттер біз Бетпақтың да-
ласына шықтық. Енді жүре берсек Со-
закқа жетеміз,-деді. Қасындағылар оның
сөзін мұқият тыңдал, ізінен ерді. Күн-
көтеріле бере бір жерге отырып, жолай
тапқандарын талқажау етті. Мидай бет-
пақ дала, төңіректе ұшқан құс, жүргірен-
аң көрінбейді. Жаяу жүргеннен бұлар
әбден шаршаған сыңайлышы. Сәл уақыт
аяқ сүйтқан соң, алға жылжыды. Солай
жүріп отырып, майда аяңдады. Теп-тіріс
дала ешкандай ел көрінбейді. Жолға-
алып шыққан азықтарыда таусылды.
Талғажау етер ешнәрсे қалмады. Тек әр-
жерден тасбақалар ғана кездеседі.

Асқазанға алданыш болар ешнәрсе жоқ. Аштықтан титықтайды. Аш адам жүре де алмайды екен. Эбден әлсіреді. Кенжебек:- Ал, жігіттер, аштан өлмеудің амалы: тасбақаларды ұстап жейіміз, - деді. Амалсыздан бәрі келісті. Дереу екіншінде ұстап алды. Пісіріп жеуге қазан-ошақ жоқ. Тасбақаны ұстап алды да жерге қатты соққан кезде оның ішек-қарыны ақтарылып түсті. Аштықтан кездері қарауытқан олар ішек-қарынды алды да қарбытып, асап- асап жіберді. Манағыдан емес асқазанына ас туғін, жүздеріне қан жүгіріп, әлденіп алды. Бірінің ізінен бірі ілбіп жүріп келеді. Тептеріс дала. Жеткізег емес. Ілбіп отырып, жолды қысқарта берді. Қоректері тасбақа. Осылай жүріп жарты айды өткізді. Айдан аса жүріп құмның шетіне зорға келіп ілікті. Үшкөкшениң құмы. Кенжебек енді ауыл алыс емес деп болжап, жолдастарына мұны қуанышпен жеткізді. Бұлар әбден әлсіреді. Бойларының қуаты азайып, кездері қарауытып, титықтады. Десе де алдағы үнгінде деген үміт бар. Құмға ілінгенде саршынақ тышқандар кездесті. Оларды ұстая қыын болды. Лып етіп, індеріне кіріп кетеді. Торғайлар болса да ұстаппайды. Тағы да тасбақаны қорек етуге тұра келді. Қоржындарына олардың бірнешеуін салып алды. Асқазанға талқажау болған сол. Құмда бұлар төрт тәууліктен аса жүрді. Жүрістері өнер емес. Әрең дегендеге құмның шетіне шықты. Алыстан Маарлбайдың тебесі де көрінді. Жұздеріне қуаныш үялады. Кенжебек айтты:-Ауылға баруға болмайды. Тауға қарай өтіп кетейік те, сонда жасырынған дұрыс,- деді. Шешім солай болды. Тұнделетіп әулиелі тогайға жетті. Мұнда үнгір сай жасырынуға қолайлы еді. Үнгірді Кенжебек біледі екен. Иші кен. Осында екі үнгін жатып тынықты. Өзенде балық бар екен. Соны амалдан ұстап, шикідей жеді. Ордабек айтты:-Тұнделетіп ауылға барып қайтқан жөн. Күз айы. Үнгір болса сүйтип келеді. Елден азық-тулік алып қайтайық,- деді. Кенжебек:-Мен барып келейін. Бәріміз барсақ, сезік тудады. Сондықтан кезекпен-кезек барып қайтайық,- деді. Осылай мәміле жасалды. Кенжебек баратын болып шешілді. Кенжекең жолға дайындалды.

Сол күні кешкісін Кенжебек ауылға қарай шықты. Інірде ауыл шетіне ілікті. Мал қоралана бастаған кез. Иттер әр жерден шәулідеп үріп жатыр. Ол қаранғылыштың қоюланунын күтті. Содан әбден қаранғы түскен мезете үйінің тұсына келіп қалды. Бәйбішесі малды қоралап, сыртта жүр екен.-Кемпір,- деп қалып еді. Ол шошып кетті. Оған үнде-ме дегендей ишарат білдірді. Бәйбіше-сіне мән-жайды баяндауды. Кешкі тамақтан ауыз тиді де тез кетуі керектігін айтты. Жылы киім, бір-еңі пұт бидай алды да үйден жылдам шығып кетті. Таңғы төрттің кезінде үңгіріне қайтып келді. Өзімен бірге қазан, айыр, оттық ала келді. Томан мен Ордабай үйқыда екен. Әбден шаршаған, қайтсін енді. Таң ата бір-бірін көріп қауышысын, Кенжебектен ауылдың амандығын біліп куанып қалды. Өзеннен лай алып келіп тастан ошақ жасады. Оған қазан асып, бидай қуырды. Дән бойларына қуат болды ма, үшеуі мызығып үйқыда кетті. Түс ауа үшеуі Ушбас өзенінен айырмен біраз балақыты шашнышды. Алып келіп, қазанға су құйып, оны қайнатты. Асқазанға ас түскенсін олар әлдене бастады. Кешкісін бойла-рына қан жүгіріп, шырайланып қалды. Үңгірдің іші қаранғы. Жуан жыңызды алып келіп соны ошаққа салып қойды. Бір жеті уақыт өткен соң, Ордабайға ке-зек келіп, ауылға тұнделетіп барып қайтты. Қайтарында екі-үш асым ет пен бидай ала келіпті. Бұрынғыдай емес бұлар әлдене бастады. Әңгіме айтып, бірін-бірі әзілмен қағытып отырды. Таудың ішін-дегі үңгір бұлардың жылы мекеніне ай-наппды.

Бір күні Кенжебек үңгірдің алдындағы ойда өзенди бойлай жайылып жүрген бір үйір жылқыны байқады. Шу асаулардың ұстаптایтыны белгілі. Амал жасау керек. Ертесіне Кенжебек үлкен кездігін алып, әлті жылқылар жайылып жүрген тұсты бағытқа алды. Жылқылар түске қарағы суатқа құлады. Осы сәтте Кенжекең жәймен басып сол жерге жақындағы. Жылқылар тізгін көрмеген шу асасу екен. Бұл олар суга бас қойған кезде біреуінің жалына жабысты да, қарғып мініп алды. Ат мәңкіп ала жөнелді. Қалғандары төмөн қарая шаба жөнелді. Қынындағы кездікті тез сұрып алды да, жалма жаңа әлгі аттың жүрек тұсына салып жіберді.

